

## Соғысқа ұрланған балалық шақ – тыл ерлері

Соғыс қиыншылығы балалардың да мойнына ауыр қамыт болып ілінді. 13-16 жастар аралығындағы жасөспірімдер майданға кеткен әке-ағаларының орнын басып, толық жауапкершілікке ие маман жұмысшылар мен колхозшылар қатарында болса, 10-11 жастағы бұғанасы қатпаған балалардың өзі қосалқы-көмекші жұмысшылар ретінде жұмысқа тартылды. Олар үшін тіпті жұмыс күнінің ұзақтығы бұйрық бойынша қысқартылған деп айтылғанымен, нақты түрде ересектермен бірдей болды. Тіпті көп жағдайда балалар үйлеріне бармай цехтарға, кочегаркаларда түнеп шығатын. Жоспарды асыра орындауда да балалар ешқашан да ересектерден, әйелдерден қалып көрген емес. Балалық, жасөспірім шақтары соғыс отына шарпылғандардың қатарында балқаштықтар да болды. «Соғыс басталғанда мен 13 жаста едім. Маған көптеген жерлес құрдастарым сияқты майданға аттанған ересектердің завод цехындағы орнын басуыма тура келді.

Мені токарлық цехқа оқушы етіп орналастырды. Мұнда мені токарлық мамандықтың қыр-сырына үйреткен Клавдия Ивановна Васянина болды.



## Соғысқа ұрланған балалық шақ– тыл ерлері

*жалғасы*

Көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болған Клавдия Ивановнаны жұмысшылар «біздің Шульженко»- деп атайтын еді. Балқаш қаласына Кольчугин заводы қоныс аударып келгенде мен ФЗУ-ға түсіп, қақтаушының көмекшісі мамандығын алып, №3 цехқа жұмысқа тұрдым. Ересектермен бірге патронға қажетті метал дайындадым. Түскі ас кезіндегі аз уақыт үзілісте Совинформбюроның хабарларын жібермей тындаушы едік. 1945 жылы 9-мамырдағы Ұлы Жеңісті қандай қуанышпен қарсы алғанымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес» - деп еске алады кейін тыл ардагері Лидия Тимофеевна Подхатилина.

Еңбек майданының балаң батырларының қатарына еріксіз қосылғандардың қатарында болған Нақыпбек Мухамедиұлы Даданбай соғыс жылдарындағы балалық шағы жайлы естелігінде: «Соғыс жылдарында балықшылар қатарына 10 жасымнан қосылып, соғыс аяқталғанша қатардан қалған емеспін. Тап бір суда өскен сияқты едім.

Ол жылдары көлде балық өте көп еді: сазан, алабұға, шармай сияқты кенепте тұздалып, кептіріліп және бөшкелерде ысталып, жол қаптарында қақталған балықтарды майданға үзбей аттандыратынбыз. Жеңіс үшін аянбай еңбек еттік. Соғыстан кейін педучилищені, пединститутты аяқтап, 1993-жылы еңбек демалысына шыққанша мамандығым бойынша еңбек еттім. Тыл ардагері ретінде көптеген марапаттарға ие болдым»-деп еске алады.

